

Мектепшілік ата-аналар комитетінің отырысы
№1 хаттамасы

Өтілген күні: 12.09.2023ж

Өту уақыты: сағ.16.00-де

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі
ДТІЖО
ата-аналар

Барлығы: 23 ата-ана

Күн тәртібінде:

1. Баяндама. Тақырыбы: «Отбасының бала өміріндегі алатын орны»
ата-ана Балжарикова Д.Т.
2. Өткен оқу жылының қорытындысы, жаңа 2023-2024 оқу жылының міндеттері.
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ш.Ахметова
3. Ата-аналар комитетін сайлау. Мектеп директоры Г.Е.Какимова
4. «Мектепке жол» акциясының орындалуы.
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ш.Ахметова

1.Тыңдалды: Бірінші сұрақ бойынша ата-ана Балжарикова Д.Т. ата-аналармен сәлемдесіп, дайындаған баяндамасымен таныстырды. Отбасының бала өміріндегі рөлінің маңыздылығы жайлы айтып кетті.

2.Тыңдалды: Екінші сұрақ бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ш.Ахметова ата-аналармен сәлемдесіп, жиналыстың күн тәртібімен таныстырған соң Өткен оқу жылының қорытындысын айтып берді. 2023-2024 оқу жылының жұмыс жоспарымен, мақсат, міндеттерімен таныстырды.

Биылғы оқу жылына жаңадан мектепшілік ата-аналар комитетінің төрайымын сайлау керек екеніне тоқталды. 1-9 сынып ата-аналар комитетінің ішінен сайлау керек екенін айтты.

3. Үшінші сұрақ бойынша мектеп директоры Г.Е.Какимова жаңа 2023-2024 оқу жылына ата-аналар комитетін сайлауын өткізді. Жалпы сайлаудың қорытындысы бойынша ата-аналар комитетінің төрайымы болып көпбалалы отбасының анасы Балжарикова Д.Т.сайланды. Ата-аналар комитетінің құрамы бойынша: Ахметова Г.Д. ата-аналар комитеті төрайымының орынбасары, Ескендирова А.А. хатшы, Ақжан А.Н.мен Матаева Б.М. ата-аналар комитетінің мүшелері болып тағайындалды.

4. Төртінші сұрақ бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ш.Ахметова сөз алды. «Мектепке жол» республикалық акциясының орындалуын айтатын болсақ, мектепте аз қамтамасыз етілген бір отбасы бар. Ол отбасыда мектепте сабақ оқитын оқушы бар. Қыркүйек айында осы оқушыға «Ахмет» ШҚ-ның басшысы Ахметов Ж.Е. 15 мың теңге көлемінде мектепке қажетті кеңсе заттарын тарту етті. «Мектепке жол» республикалық акциясы бұл тек жеке статусы бар отбасыларға ғана арналған емес, сондықтан бұл акцияны барынша қолға алып, жыл сайын қатысуға, мұқтаж отбасылар болса көмектесуіміз керек.

Шешім:

1. Ата-аналар комитетінің жұмысы қанағаттанарлық деп есептелінсін.
2. Ата-аналар комитеті жыл сайын өтетін «Мектепке жол» республикалық науқанын ата-аналармен бірлескен жұмысы жандандырылсын.

Ата-аналар комитетінің төрайымы: *Балж* /Балжарикова Д.Т./
Хатшысы: *Еск* /Ескендирова А.А./